

Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі Сарықамыс ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Екібастұз қаласы Сарықамыс селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 24 қаңтардағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 ақпанда № 5851 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Сарықамыс ауылдық округі Сарықамыс ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласы Сарықамыс ауылдық округі Сарықамыс ауылының "Ленина" көшесі "Мәшһүр Жүсіп" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарықамыс ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

М. Сейсембаев